

**Халқы және
халықтың
тығыздығы**


Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Қазақстан халқының саны және ұдайы өсуі туралы білім беру.

Дамытушылық: еліміздің демографиялық жағдайы және оның географиясы туралы білім – дағдыны қалыптастыру.

Тәрбиелік: Статистикалық мәліметтерді өңдеуге, сандық көрсеткіштерді талдай білуге үйрету.

Қазақстанның халық саны мен табиғи өсімі



Еңбек ететін адамдар - қоғамның негізгі өндіргіш күші болып табылады. Олар материалдық құндылықтарды өндірушілер ғана емес, әрі пайдаланушылар болып саналады. Сондықтан халыққа сараптама жасау - кез келген экономикалық-географиялық зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Халықты көптеген ғылымдар, ең алдымен - халықтар географиясы, [демография](#) мен [этнография](#) зерттейді

Халық саны және динамикалық өсу қарқыны

Қазақстан халқы 2009 жылғы санақ бойынша **16 млн 402 мың** адамға жетті. Қазақстан халқының саны бойынша *орташа мемлекеттер қатарына жатады*. Халық саны жөніндегі толық мәліметтерді халық санағы береді. Мемлекет оны белгілі бір уақыт аралығында жүргізіп отырады (біздің елімізде 10 жыл сайын). Әр санақ аралықтарында қорытынды есеп беріліп отырады. Алғашқы жалпы халық санағы 1897 жылы, ал соңғы ҚР Ұлттық санағы 2009 жылы 25 ақпаннан 6 наурыз аралығында өтті.

Халық санының өзгеруі (өсуі +, кемуі-)**
(адам)

	1970	1979	1989	1999	2009
Барлық халық	3722473	1683234	1522816	-1251043	1028316
Қала халқы	2497465	1344341	1288543	-813217	206649
Ауыл халқы	1225008	338893	234273	-437826	821667

**** алдыңғы санақ өткен жылға**

Халықтың көші-қоны (миграция)

Халықтың көші-қоны - адамдардың бір ауданнан екінші ауданға тұру үшін қоныс аударуы болып табылады. Көші-қон ([миграция](#)) - өте күрделі әлеуметтік процесс (былай айтқанда танымайтын жерге орнығу). Бұл тек қана көшіп бару емес, барған жеріңе бейімделуің керек (мүмкін өмір сүру деңгейі ол жерде мүлдем басқаша болуы мүмкін).

Осы кезде адамның жинақылығы, шыдамдылығы, кәсіпшілігі және жаңа жердің жағдайына үйренісуі байқалады. Сондықтан да халықтың көшіп қонуы - мемлекеттің даму деңгейін көрсетеді. Көші-қонның қоғамдағы рөлі ерекше орында. Ол қазақ халқының қалыптасуына, мәдениетіне, тіліне үлкен өсер етті. Бұл процеске қазір де үлкен мән берілуде:

- 1) Шетелдегі қандастарымыздың елге қайта оралуы (оралмандар);
- 2) Халық санының көбеюі және жетіспейтін жұмысшылар орнының толықтырылуы;
- 3) Аумақ бойынша тиімді орналастыру.


Бағыты бойынша оны ішкі және сыртқы деп бөледі. Сыртқы көші-қонға эмиграция (елден кету), иммиграция (елге келу) және реэмиграция немесе репатриация (лат. *patria - отан*) (көшіп кеткендердің елге қайта оралуы) жатады. Көшіп келгендер мен көшіп кеткендердің арақатынасы халықтың механикалық өсімін анықтайды. Оны көші-қон сальдосы (итал. *caldo - қалдық*) деп атайды. Оң белгілі сальдо - халықтың есімін көрсетеді, ал теріс белгілі сальдо - халықтың азаюын көрсетеді

Экологиялық көші-қонға - халық қоршаған ортасы лас аудандар мен экологиялық апат аймақтарынан басқа жақтарға қоныс аударуы жатады. Көші-қон ұзақтығына қарай тұрақты және уақытша деп екіге бөлінеді. Уақытшаға - вахталық (ауыспалы) жұмысқа келу жатады. Ол көбінесе табиғи ресурстарды игеру аймақтарына тән. Келесі мысал — маусымдық, құрылыс және ауыл шаруашылық жұмыстарына келу. Уақытша көші-қонды туристер, жас еңбек отрядтары, гастарбайтерлер (шетелдік жұмысшылар) қалыптастырады. Формасына қарай - ерікті және еріксіз деп бөлінеді

Ерікті түрде көшу - өз еркімен (ұйымдаспаған көші-қон) және мемлекет ұйымдастырған (ұйымдасқан көші-қон) жағдайда болады. Мысалы, тың және тыңайған жерді игеруді, шет елдегі қандастарға елге оралуды мемлекет тарапынан ұйымдастыру


Еріксіз көші-қон - сталиндік репрессия тұсындағы халықты отырған жерінен күшпен көшіріп жіберу. 1937-44 жылдар аралығында Қазақстанға кәрістер, поляктар, немістер, чечендер, ингуштар, балкарлар және басқа халықтар күшпен көшіріліп әкелінді.

Динамика миграционных процессов в Казахстане



Орналасу тығыздығы


ТЫҒЫЗДЫҒЫ



- Ақмолинская
- Актюбинская
- Алматынская
- Атырауская
- Западно-Казахстанская
- Жамбылская
- Карагандинская
- Костанайская
- Кызылординская
- Мангистауская
- Южно-Казахстанская
- Павлодарская
- Северо-Казахстанская
- Восточно-Казахстанская
- г. Астана
- г. Алматы

Қазақстан жер аумағы үлкен (2724,9 мың км²) болғанымен халық сирек қоныстанған елге жатады. Оның аумағының сәйкес түрде 1 км²-не 5,4 адамнан келеді. Тұрғындар үшін табиғат жағдайы неғұрлым қолайлы өңірлер — Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары (Алматы қаласын қоса алғанда). Мұнда республика тұрғындарының 37,8%-ы орналасқан, тұрғындар 1 км²-ге 16,9; 6,9 және 7 адамнан келеді.

Плотность населения и орошаемые земли



Қазақстан халықының ұлттық құрамы

Қазақстан әлемдегі көп ұлтты мемлекеттердің бірі. Мұнда тегі, тілі, мәдениеті әр түрлі, бірақ тарихи тағдыры ортақ 131 ұлт пен ұлыстың өкілі (этностар) тұрады.

Олар:

- 1) еліміздің негізгі халқы қазақтар;
- 2) бұрынғы КСРО республикаларында тұратын адамдар тобы (орыстар, украиндар, белорустар мен молдавандар);
- 3) алыс шет елдерде тұратын адамдар тобы (немістер, поляктар, еврейлер, кәрістер, гректер).

2009 жылы өткізілген
халық санағының
қорытындысы бойынша
халықтың этноқұрамы
келесідей болды:

- қазақтар - 63,1%,
- орыстар - 23,7%,
- өзбектер - 2,9%,
- украиндар - 2,1%,
- ұйғырлар - 1,4%,
- татарлар - 1,3% ,
- немістер - 1,1%,
- кәрістер - 0,6%,
- түріктер - 0,6%



Қазақстан халқының демографиялық жағдайы

Халық санағы бойынша	Барлық халық	%-бен	Қала халқы	%-бен	Ауыл халқы	%-бен	Кестеде көрсетілген деректерді талдап көрелік. 2009 жылғы санақ деректеріне сенсек, ел тұрғындарының саны 16009597 адамға жетіпті. 1959 жылмен салыстырғанда Қазақстан халқының саны 6705796 адамға өскен екен. Негізінен бұл өсім соғыстан кейін қазақтардың жанталасқан демографиялық дүмпуі мен коммунизм құрылыстарына, тың игеруге көптеп әкелінген комсомолдар мен қылмыскерлердің арқасында пайда болды.
1959	9303801	100	4138651	44,5	5165150	55,5	
1970	13026274	100	6636116	50,9	6390158	49,1	
1979	1479508	100	7980457	54,3	6729051	45,7	
1989	16232324	100	9269000	57,1	6963324	42,9	
1999	14981281	100	8455783	56,4	6525498	43,6	
2009	16009597	100	8662432	54,1	7347165	45,9	

Дүниежүзіндегі қазақ диаспорасы

Қазақ диаспорасы сыртқы шекараларды кесіп өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, одан әрі бүкіл дүние жүзіне тараған. Қазақстанмен іргелес шет жұртта қалың шоғыр күйінде қалған және шалғай аймақтарда шашырап жүрген Қазақ диаспорасы-ның жалпы саны 5,4 млн. деп есептеледі (1997). Шет елде болса да өз ата мекендерінде тұрып жатқан ирредент Қазақ диаспорасы-ның, яғни Қазақстанмен іргелес, шектес, түрлі тарихи кезеңдерде одан зорлық-зомбылықпен тартып алынған, қилы замандардағы түрлі саяси айла-шарғы, белден басқан қиянат салдарынан Ресейге, Қытайға, Өзбекстанға қосылып кеткен ата мекендерде тұратын қазақтардың ұзын саны 5 млн-ға жуық. Ал бөтен жерлердегі бытыраңқы диаспора 0,5 млн. адам.

Жаңа сабақты бекіту тапсырмалары

№ 1 тапсырма. Берілген терминдерге анықтама беріңіздер

1 топ

Халықтың табиғи
өсімі
Еңбек ресурстары
Еріксіз көші-қон

2 топ

Механикалық өсім
Қазақ диаспорасы
Оралмандар

№ 2 тапсырма

« егер

Берілген тақырыпта өз идеясын ұсыну

1 топ. Егер де сіз Қостанай қаласының әкімі болсаңыз, қала статусын көтеру мен қала тұрғындарының жағдайын жақсарту үшін қандай саясат ұстанар едіңіз.

2 топ. Егер де сіз біздің еліміздің Президенті болсаңыз, онда өз облысында қандай демографиялық саясатты қолданар едіңіз.

Бекіту сұрақтары

1. Республикадағы халық санының өзгеру себебін түсіндіріңдер.
2. Халықтың ұлттық құрамына сипаттама беріңдер.
3. Көші- қон қоғам өміріне қалай әсер етеді?
4. 2020 жылы қазақстан халқы не өздерің тұратын аймақ халқының саны және әлеуметтік жағдайы қалай өзгереді деп ойлайсыңдар? Болжам жасап көр.
5. Сен тұратын облыс, ауданда қандай көші – қон процесі жүруде және неліктен?
6. Болашақта еліміз халқының санын арттыру проблемасы.